

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



EDU.E-HISTORY.KZ
электрондық ғылыми журнал

EDU.E-HISTORY.KZ
электронный научный журнал

2015, №1 (2)

EDU.E-HISTORY.KZ
electronic scientific journal

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Бас редактор

Әбжанов Хангелді Махмұтұлы

Редакциялық алқа:

Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова, С. Әжіғали,
Н. Әлімбай, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков,
Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан),
Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов,
У. Фиерман (АҚШ), А. Чубарьян (Ресей)

Жауапты редактор:

З. Теленова

Редактор:

Р. Көбеев

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ.,

Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
«Edu.e-history.kz»

электрондық ғылыми журналының редакциясы

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Электрондық мекен-жай: <https://edu.e-history.kz/>

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген.
Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель и издатель:

Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова
Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан

Главный редактор

Абжанов Хангелді Махмұтович

Редакционная коллегия:

Р. Абдуллаев (Узбекистан), Н. Аблажей (Россия), Б. Аяган, М. Абусейтова, С. Ажигали,
Н. Алимбай, Б. Байтанаев, К. Жумагулов, Г. Кенжебаев, Б. Комеков,
Мансура-Хайдар (Индия), Р. Масов (Таджикистан), А. Муктар, В. Плоских (Кыргызстан),
Ю. Петров (Россия), О. Смагулов, Сон Ён Хун (Южная Корея), Е. Сыдыков,
У. Фиерман (США), А. Чубарьян (Россия)

Ответственный редактор:

З. Толенова

Редактор:

Р. Кубеев

Адрес редакции:

050010, Республика Казахстан,
г. Алматы,
ул. Шевченко, 28.

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, «Edu.e-history.kz»

Редакция электронного научного журнала

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz/>

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о
регистрации: № 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном
формате).

При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходимо
обязательно ссылаться на журнал.

Founder and publisher:

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
of the Committee of Science Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Editor-in-chief:

Abzhanov Khangeldi Makhmutovich

Editorial board:

R. Abdullaev (Uzbekistan), N. Ablazhey (Russia), B. Ayagan, M. Abuseyitova, S. Azhigali,
N. Alimbai, B. Baitanaev, K. Zhumagulov, G. Kenzhebaev, B. Komekov,
Mansura-Khaidar (India), R. Masov (Tajikistan), A. Muktar, V. Ploskikh (Kyrgyzstan), Y. Petrov
(Russia), O. Smagulov, Song Yong Hoon (South Korea), E. Sydykov,
W. Fierman (USA) , A. Chubaryan (Russia)

Executive editor:

Z. Tolenova

Editor:

R. Kobeev

Editorial address:

050010, Republic of Kazakhstan,
Almaty,
28 Shevchenko Str.
Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
«Edu.e-history.kz»
Editorial electronic scientific journal
Phone: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Journal website: <https://edu.e-history.kz/>

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate:

No. 14602-ИА dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

When re-publishing articles, shooting on microfilm and other copies, it is necessary to refer to the journal.

АБАЙДЫҢ ТОЛЫҚ АДАМ ИДЕЯСЫНЫҢ ГУМАНИСТІК МӘНІ

Раисов Қ.Д.¹, Қаипбаева А.Т.²

¹Гуманитарлық ғылымдар магистрі, аға оқытушы. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті.

²Тарих ғылымдарының кандидаты, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері.

Аңдатпа. Бұл мақалада Абай Құнанбайұлы ұсынған «толық адам» идеясының гуманистік мәні қарастырылады. «Толық адам концепциясы» адамның рухани жетілуі, ар-ождан тазалығы, білімге ұмтылу және әділеттілікпен тығыз байланысты. Абайдың философиясында адам ақыл, жүрек және қайрат үйлесімі арқылы кемелдікке жетеді. Бұл идея адамның ішкі үйлесімін қалыптастырып, қоғамдағы адамгершілік құндылықтарды нығайтуға бағытталған. Мақалада толық адам ілімінің қазіргі жастар тәрбиесіндегі маңызы талданады. Сонымен қатар, оның гуманистік сипаты адамның рухани дамуын басты орынға қоятыны көрсетіледі. Абайдың бұл тұжырымы қазақ руханиятының негізі болып, жалпыадамзаттық гуманизммен сабақтас екені дәлелденеді.

Түйін сөздер: Абай, толық адам, гуманизм, адамгершілік, рухани даму.

ГУМАНИСТИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ ИДЕИ «СОВЕРШЕННОГО ЧЕЛОВЕКА» В УЧЕНИИ АБАЯ

Раисов Қ.Д.¹, Қаипбаева А.Т.²

¹Магистр гуманитарных наук, старший преподаватель. Казахский национальный женский педагогический университет.

²Кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова.

Аннотация. В данной статье рассматривается гуманистическое значение идеи «совершенного человека», предложенной Абай Кунанбаев. Концепция «совершенного человека» тесно связана с духовным развитием личности, чистотой совести, стремлением к знаниям и справедливостью. В философии Абая человек достигает совершенства через гармонию разума, сердца и воли. Данная идея направлена на формирование внутренней гармонии личности и укрепление нравственных ценностей в обществе. В статье анализируется значение учения о совершенном человеке в воспитании современной молодежи. Также подчеркивается его гуманистическая сущность, ставящая духовное развитие человека на первый план. Учение Абая рассматривается как основа казахской духовности и часть общечеловеческого гуманизма.

Ключевые слова: Абай, совершенный человек, гуманизм, нравственность, духовное развитие.

THE HUMANISTIC SIGNIFICANCE OF ABAI'S CONCEPT OF THE PERFECT HUMAN BEING

Raisov K.¹, Kaipbaeva A.²

¹Master of Arts, Senior Lecturer. Kazakh National Women's Pedagogical University.

²Candidate of Historical Sciences, Leading Research Fellow, Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology.

Abstract. This article examines the humanistic significance of the concept of the “perfect human” proposed by Abai Kunanbayev. The concept of the “perfect human” is closely connected with spiritual development, purity of conscience, the pursuit of knowledge, and justice. In Abai’s philosophy, a person achieves perfection through the harmony of reason, heart, and will. This idea aims to form inner harmony and strengthen moral values in society. The article analyzes the importance of the teaching of the perfect human in the education of modern youth. It also highlights its humanistic essence, which prioritizes spiritual development. Abai’s doctrine is presented as the foundation of Kazakh spirituality and part of universal humanism.

Keywords: Abai, perfect human, humanism, morality, spiritual development.

Кіріспе

Шығыс халықтарының рухани тәжірибесі мен ізденісіне сүйене отырып, Абай өзінің «Толық адам» идеясын ұсынады. Онда ойшыл «ақыл», «қайрат» қасиеттерінің иесі болған адам «жарты адам», ал, осыған қоса әділет-шапқат (жүрек) біткен адам «Толық адам» деп танылады дейді. Тарқатып айтатын болсақ, Абайдың айтуынша Толық адам дегеніміз – «ізгі, жақсы, кең пейілді жақсы адам» (жәуанмәрттік) адам. Абайша айтсақ, «ізгі, жақсы, кең пейілді адамға» (жәуанмәрттік) үш «хаслат» (сипат, түр, қасиет) тән, олар сиддиқ (шындық, шын), кәрәм (жомарт, ақ пейіл, ізгілік), ғақыл (ақыл, ақылдылық, даналық). «Бұл үшеуінен, сиддиқ- ғадаләт, кәрәм –шафағат болар» [1, 134 б.], - деп жазады. Бұдан біз Абайдың ойынша, «жәуанмәрттік» адам болу үшін, ең бірінші иманды адам болу керек, ал иманды адам болу үшін адамгершілік қасиеттерді толық меңгерген адам болатындығына көз жеткіземіз. Абай иманды адам болудың ең жоғарғы сатысы – «иманигүл» ұғымы болып табылады деп көрсетеді. Абайдың айтуынша, «иманигүл» – Алланы, адамзатты, әділетті сүюден тұрады және «толық» адамға ғана тән [1, 133 б.], - деп көрсетеді. Абайдың айтуынша әлемдегі әрбір адам «толық адам» бола алады және болуға міндетті:

«Әуелде бір суық мұз-ақыл зерек,
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.
Токтаулылық, қалыпты, шыдамдылық-
Бұл қайраттан шығады білсең керек,
Ақыл, қайрат жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек...» [2, 95 б.], – деп жазған. Себебі, әр адамның осы қасиеттерді дамытуға, жүзеге асыруға мүмкіндігі бар. Абайдың пайымдауынша, Жаратушы Алла адамға жақсылық пен жамандықты айырып, кемелдену қабілетін берген. Алайда, адамға табиғаттан тән кері тартпа кеселдер оның осы қабілетін ашуға мүмкіндік бермейді. Өзінің бойындағы кеселдермен күресу қажырлылықты, ерік-жігерді жұмылдыруды талап етеді. Сондықтан Абай адамды енжар, жігерсіз жан деп қарастырмайды, керісінше адамның жақсы немесе жаман болуы өзінің таңдауына, тәрбиесінде және адамгершілік қасиеттерді ашу қабілетінде деп пайымдайды [3, 26-40 б.]. Ақынның сөзімен сөйлейтін болсақ:

«Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,

Адам болам десеңіз...» [2, 60 б.], – деген өсиеттері келешек ұрпаққа ой тастаған бағдаршам іспеттес болды. Ия, дәл солай еді. Бақытты адам, толық адам болудың ең басты

шартын ақын өзінің қарасөздері (7,34,35,36,37,38,45) мен жоғарыда аталған және т.б. өлеңдерінде («Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат», «Интернатта оқып жүр, талай қазақ баласы», «Сабырсыз, арсыз, еріншек») өсиет ретінде қалдырып, толық адам болуымыздың бағытын көрсетіп берді.

Абай: «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол, адам болам десеңіз» [4, 36 б.], – деп жырлайды.

Ғалым М.Мырзахметов Абайдың «Толық адам» идеясының негізгі бастауын бірінші – б.з.д 7 ғасырдағы Алып Ер Тонғаның «Ақи немесе жомарттық» ілімінен бастап, екінші X ғасырдағы әл-Фараби ойшылдың парасатты адам идеясымен, үшінші XI ғасырдағы Ж.Баласағұнның жәуанмәртілік ілімімен, төртінші XII-XIII ғғ. Ахмет Яссауидің хәл ілімімен және XIX ғасырдағы Абайдың толық адам идеясымен жалғастырып, алтыншы XX ғ.басы Ш.Құдайбердіұлының ар ғылымы» [4],-деп адамзатқа адамгершіліктің ізгі қасиеттерін насихаттау маңызды міндеттеріміздің бірі екендігін бағамдап көрсетті.

Абай өзінің отыз сегізінші қара сөзінде: «Ей, жүрегімнің қуаты, перзентлерім! Сіздерге адам ұғлының мінездері туралы біраз сөз жазып, ядкар қалдырайын. Ықыласпенен оқып, ұғып алыңыздар, оның үшін махабатың толады. Махаббат – әуелі адамның адамдығы, ақыл, ғылым деген нәрселерменен. Мұның табылмақтығына себептер – әуелі хауас сәлим һәм тән саулық» [1, 124 б.], – деп бастайды. Бұл шығармасының «ей, жүрегімнің қуаты, перзентлерім» деп бастауы тегін болмаса керек. Өйткені, барлық үмітті жалғастыратын соңынан ерген жастар, болашақ ұрпақтары екендігін айтып отыр. Ары қарай, шығармасында Абай «ықыласпенен оқып, ұғып алыңыздар, оның үшін махабатың толады» деп, махаббат ұғымына ой тартады. Абайдың ой тастаған «махаббат» ұғымы ол-Аллаға деген шексіз махаббат екендігін, Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген өлеңіндегі:

Махабатпен жаратқан адамзатты,

Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті [1, 56 б.], – деген жыр жолдарынан анық көрінеді. Сондықтан, Абай «махабатың толады» дейді. Өйткені «кім өзіне махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе?» деп айтар ойын негіздеп алады.

Абай «Махаббат – әуелі адамның адамдығы, ақыл, ғылым деген нәрселерменен» деп, махаббаттың ерекше алғышарттарын атап көрсетеді. Яғни, адам Аллаға махабаты оянуы үшін ең басты үш нәрсені: адамның адамдығын, ақыл мен ғылымды айтады. Абайдың пайымдауынша, адамның адамдығы Алланы ақылымен, ғылымымен таныған кезде махабаты баянды болмақ. Ал, Абайдың «мұның табылмақтығына себептер- әуелі хауас сәлим һәм тән саулық», – деуі ақыл, ғылымның табылуына ұлтымыздың саулығы концептіндегі барлық мәселелер кіретіндігіне баса назар аударған.

Әрине, бұл жерде Абай адам өмірінің мәні мен мақсатын түсінудегі ең алдыңғы қатарлы қажетті принциптердің бірі – оқу, білім, ғылым, еңбек екендігін жазады. Абай адам өмірінің мәнді болмағы адамның өзіне ғана байланысты екендігін айтады. Сондықтан адам материалдық байлықты емес, рухани байлықты жинақтауы тиіс. Жүректерін білім және ғылыммен тазартып, надандықты жеңулері керек. Осы қағидаға өзі көзі жеткен Абай: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» [1, 105 б.], – дейді. Ақынның көрсетуінде, адам баласы өмірге келгенде бірден бәрін біліп тумады, ол біртіндеп, өмір сүруді, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауды үйренеді. Біздің осы ойымыздың дәлелін

«Әсемпаз болма әр неге,

Өнерпаз болсаң, арқалан.

Сен де - бір кірпіш, дүниеге,

Кетігін тап та, бар, қалан!» [5,149 б.], – деген өлеңінен көруімізге болады. Онда ойшыл білім алуға, ерінбей еңбектенуге, дүниенің кілті-ғылыммен айналысуға барлық қазақ халқы мен оның ішінде әсіресе жастарды шақырады.

Абай адамды қоғамның бірінші және негізгі байлығы әрі қозғаушы күші деп санаған. Өйткені адамның озық ойы мен жасампаз еңбегі дүниені танып біліп, қоғамды өзгертуге қабілетті. «Дүниеде өзі, малда өзі, Ғылымға көңіл бөлсеңіз» деп білім мен ғылымды игеруі қажеттілігін алға тартады. Егерде бір бала барлық махабатымен, жан-тәнімен зеректік танытып, білім алатын болса, ғылыммен айналысса, ол баланың аты – адам болғаны, Жаратқан ием Алланы таныса, онда ол адам өзін де таниды деп толғанады. Ақын өзінің осы ойын

«Алланың өзі де рас сөзі де рас» деген өлең жолдарымен пайымдайды:
 «Махаббатпен жаратқан адамзатты,
 Сенде сүй ол Алланы жаннан тәтті,
 Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
 Және хақ жолы осы да әділетті» [1, 56 б.].

Ақын Алла адамзатты барлық махабатымен, сүйіспеншілікпен жаратқан, сондықтан адамзаттың бәріне бауырым деп, хақ жолымен, әділетті жолмен жүруімізді мұра еткендігін айтып ақыл мен иманды, ғылым мен дінді сабақтастыра отырып, екеуінің де қоғамдық дамудағы маңызын ашады.

Осы жерде ғалым Омар Жалелдің сөзімен түсіндіре кетсек: «Енді түсінікті болды: ғылым-білімге ғашықтық – Алланың өзіне ғашықтық болып шықты, өйткені: «Ғылым - Алланың бір сипаты». Әрі «Ол – хақиқат». Сонда «Әл-Хаққ (ақиқат) – Алла Тағаланың 99 көркем есімінің бірі. Яғни, Алла Тағаланың өзі деген сөз» [6], - деген пікірімен келісеміз.

Абай адам табиғатын терең зерттей отырып, ғылым-білімнің басты алғышарты – адамшылық деп көрсетеді: «Адамшылдықтың алды – махаббат, ғаделет сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ. Ол – жаратқан тәңірінің ісі» [1, 45 б.], – деп, болашақ қоғамның тізгінін ұстар жастарды адамгершілікке тәрбиелеуге шақырады. Ақын адамның бойындағы жақсы қасиеттерді туған жерге, халқына деген сүйіспеншілік, достықтағы тұрақтылық, махаббат, мейірімділік, әділдік, шындық, еңбек пен білімге деген сүйіспеншілік деп санайды және адам өз болмысын адамшылықтың кәмәлаты арқылы таба алады, адамның кемелдену арқылы, жетілу арқылы осы мақсаттарына жетеді деп пікір білдіреді.

Жастарды адамгершілікке тәрбиелеуде Абай мұрасындағы гуманистік идеялардың орны ерекше. Абай шығармаларының негізгі тақырыптарының бірі – жастарды сүйіспеншілікке, адамгершілікке шақыру. Бұл тақырыптар қазіргі қоғамның өзекті мәселелерін шешудің кілті болып табылады. Абай шығармаларында баса назар аударатын мәселе – жастар арасындағы махаббат пен сезім. Махаббат - нағыз адамдық қасиет. Ал біз мына заманда «махаббат» дегенді жоғалтқан сияқтымыз. Біз тек махаббатты ғана емес, адамгершілік, ар-ұят, намыс сияқты этикалық категорияларды да ұмыта бастадық. Әрине, бұл мәселенің шешімін тағы да Абайдан іздейміз.

Сонымен қатар, ақынның «Толық Адам» ұстанымы адамгершілік қарым-қатынастар аясындағы сананың қалыптасуының мәнін түсінуге мүмкіндік береді, өйткені ол адамдардың сыртқы бағдар тұрғысынан ғана емес, адамның адамға, ар-намысқа деген қатынасын сипаттайды. Абай пайымдауынша, адамгершілік іс-әрекет тек сыртқы жағдайлармен, нормалармен, дәстүрлермен ғана емес, санаға саналы түрде бағынатын ішкі тілегіңмен, ниетіңмен де үйлесім табуы керек дегенді айтады. Саналы іс-әрекет дегеніміз – адамның шынайы іс-әрекеті, адамгершілік іс-әрекеті саналы әрекет болып табылады.

Иә, Абай ақын философиясында әрбір адам парасатты, еңбекқор, білімді, адамшылық қасиеттерді ұштастырудың үлгісі болуы керек екенін айтады.

Абайдың философиялық дүниетанымын зерттеген академик Ә.Нысанбаев: «Абай үшін адам болу деген не? Адам болу – ең алдымен жүрегінде Құдайды сақтау, ғылымға сәйкес болу, яғни адамға жақсылық жасау, білім нұрын тарату, адал және мейірімді болу. Бұл адамгершілік қасиеттерге ие болу, жетілдіру Абай айтқандай, ғылымға, иманға, өмірге берілгендікпен, құлшыныспен мүмкін. Адамгершілік – қоғам өзі жүзеге асыруға тиісті

ортақтың нысаны. Қоғамдағы басты орын саяси, экономикалық немесе басқа да қатынастар емес, адамгершілік қатынастар болуы керек. «Адамның болмысы – махаббат, әділдік және руханилық», – деп ойын түйіндейді [7].

Абай имандылықты насихаттай отырып, мұсылмандарды барлық ұлт пен нәсілге мейірімді болуға, жетім-жесірге қамқор болуға, еңбектенуге, оқу-білім мен ғылымды игеруге шақырды. Хакім Абай ақиқат пен әділет жолын ұстануды бүкіл адамзатқа өсиет етіп қалдырды. Міне, сөздің құдіреті дегеніміз осы шығар. Ұлы адамның жүрегінен шыққан қара сөздер ғасырлар бойы қазірге дейін ұзақ жолдан сүрінбей өтіп, жүректерден орын алып келе жатқандығы шындық.

Ал, ақынның «Кімде –кім сырттан естіп білу, көріп білу секілді нәрселерді көбейтіп алса, ол-көп жиғаны бар адам. Ондай кісі жаңа естіп, көріп білгендерін сынап, орынды-орынсызын бағана жиған нәрселеріне қарай есеп қылады. Бұлай етіп қарекет еткен адамды ақылды дейміз» [8, 146 б.], – деп ақылды адамға берген мінездемесі, қазақ халқының «Көпті білгеннен емес, көпті көргеннен сұра» деген нақыл сөзінің түп –төркін философиясының қайдан бастау алғандығын растай түскендей.

Сонымен қатар өмірін өкінішпен өткізетіндей қателік жіберетін, ол көбінесе жас адамға тән екендігін де атап өтеді. Өйткені жас кезінде адам жастықтың буымен, өмірім алда деп көп жағдайды ақылға салмайды дейді. Сондықтан адам сезімге берілмей бәрін ақылымен шешуі керек. Тек сонда ғана адам өз өмірін өкінбестей өткізетінін Абай баса айтады. Ақынның сөзімен айтсақ: «Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады. Мұндай сөзді есіткенде шайқақтап, шалықтанып не салбырап, салғырттанып есітсе, не есіткен жерде қайта қайырып сұрап ұғайын деп тұшынбаса, не сол жерде сөздің сөздің расына көзі жетсе де, шыға беріп, қайта қалпына кетсе, естіп-есітпей не керек?» [8, 139 б.], – дейді.

Абай ақыл мәселесін тереңнен қарастырып, ой тастайды. Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі хақында: «Осы үшеуін бір кісіді менің айтқанымдай табылсандар, табаныңның топырағын көзге сүртерлік қасиетті адам сол. Үшеуің ала болсаң мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы» [1, 105 б.],- депті. Абай адам ақылды болуы үшін, оған жігер мен қайраттан тұратын күшті батыл жүрек керектігін көрсетеді. Бұлардың бәрі ақылға бағынуы керек деп пайымдайды. Ақын «Жүрек- адам денесінің патшасы», «Жүрек- теңіз, қызықтың бәрі асыл тас»,

«Жүректе қайрат болмаса,
Ұйқтаған ойды кім түртпек?
Ақылға сәуле қонбаса,
Хайуаша жүріп күнелтпек»,
«Жүректің ақыл суаты,

Махаббат қылса тәңірі үшін» » [8, 140 б.], – деп қанды тарататын, жанның өмір сүретін орны, тіршіліктің негізгі көзі деп жүректі сипаттайды. Ақын ең бірінші адамның жүрегі таза болуы керек деген қағиданы ұсынады.

Ақын өзінің поэзия тілімен:
«Жүректің көзі ашылса,
Хақтықтың түсер сәулесі.
Іштегі кірді қашырса,

Адамның хикмет кеудесі» [8, 137 б.], – десе, ал қара сөзімен «Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын –мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын- мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз олардың көрген күні не?» [1, 104 б.],- деп таза жүректі адам ақылды, мейірімді болып, маңайындағыларға да қамқорлық жасай алады деп түйіндейді. Абай отыз

төртінші қара сөзінде: «Бес күндік өмірің бар ма, жоқ па? ... Біріңе -бірің қонақ екенсің, өзін дүниеге де қонақ екенсің, біреудің білгендігіне білместігін таластырып, біреудің бағына, малына күндестік қылып, я көрсеқызарлық қылып көз алартыспақ лайық па?» [1, 120 б.], – деп адамдардың бәрі бірдей, бірлікте өмір сүруді ұстануы қажет екендігін жазады.

Ал осы адамдар неге бір-бірімен жауласып, қатігездік, зұлымдық жасайды? Абай бұл олардың жүректерінің қараюынан, кірлеуінен шығады дейді. Абай осы жүректі кірлетіп, қарайтатын адамдардың жаман қасиеттері: пасықтық, мақтаншақтық, мансапқорлық, надандық, өтірікшілдік, қатігездік, зұлымдықтан әрбір адамның бойын аулақ салу керек екендігіне басты назар аударады. «Адам баласына адам баласының бәрі дос» [8, 142 б.], – деп түйіндейді.

Ақын Абай жиырма жетінші қара сөзінде: «Жә, олай болса, һәмма мақұлыққа да қара, өзіне де қара, жанды бәрімізге де беріпті. Жанның жарығын бәрімізге де бірдей ұғарлық қылып беріп пе? Адам алдын артын һәм осы күнін - үшеуін де тегіс ойлап тексереді [1, 113 б.], – дейді. Мұнда ақын адамның рухы оның басқа жандардан жоғары екенін көрсетеді. Әрине, бұл жүрек арқылы ғана болады. Абайдың ойынша, жүрек ол адам денесінің ең басты мүшесі, өйткені ол барлық жағдайдың жақсылығы мен жамандығын ажыратып, адамгершіліктің барлық қасиеттерін шығарады. Міне, мұнда Абай жүректің қандай қасиеті бар екенін айқындап береді.

Сонымен бірге, ақын қазақ халқын барлық жамандықтан аулақ болуға шақырды. Ол үшін адамға керегі – қанағат. Қанағат ете білу ар-ұят пен арлылыққа тікелей байланысты. Ар-ұят – өлшемнің шамасын анықтаушы, ол үшін адамға ең әуелі ақыл керек. Ақылды адам ғана шын ұят пен жалған ұяттың арасын аша алады. Ақылы тайыз, надан, ақымақ адам ұялмайтын нәрседен ұялады. Шын ұят бұл емес. Абайдың түсінігінде шын ұят ақылды, иманды адамда болады. Бұл туралы ақын өзінің отыз алтыншы қара сөзінде ұят мәселесіне толық талдау жасайды: «Пайғамбарымыз салалаһу ғалайһи уәсәлләмнің хадис шарифінде айтыпты: «мән лә хаяһүн уәлә иманун ләһу» деп, яғни кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ деген. Біздің қазақтың өзінің мақалы да бар: «ұят кімде болса, иман сонда» деген. Енді бұл сөзден білінді: ұят өзі иманның бір мүшесі екен. Ондай болғанда білмек керек, ұят өзі қандай нәрсе?» [1, 121 б.], – деп атап көрсетеді. Әрбір адамның әлеуметтік қасиеттері оның қоғамдық қызметі арқылы жүзеге асатындықтан Абай адамның қалыптасқан қасиеттерін оның өмірлік қызметімен байланыстырады. Яғни, адам қоғамдық тұлға ретінде сол қоғамның әлеуметтік дамуына белсенді түрде әсер етеді. Сондықтан Абай қоғам мен жеке адам арасындағы қоғамдық қатынастардың заңдылығын да түсіндіреді.

Осы жерде Абай әр адам ақылдың көмегімен жан-жақты білім жинап руханилыққа жетемін деуге болмайды. Адам өзінің бойында нағыз адами қасиеттерді дамытқанда, өзі мен өзін қоршаған дүние туралы жинаған білімдерін адамгершілікпен ұштастырғанда ғана шын руханилыққа жетеді деген. Адам табиғатынан эгоист, ал оның ақыл-ойы осы қасиетті күшейте түседі, бұл фактор қоғамның бірлігін әлсірету қаупін тудырады. Оған қарсы тұратын күш – адамның адамгершілігі.

Адамгершіліктің өзі бір қарағанда адамға өзінен-өзі тән секілді көрінгенімен, тереңдеп тексергенде өте қиын, құрылымы күрделі ұғым. Адамгершілікке адам да, қоғам да құндылықтардың ең жоғарғы түрлеріне ұмтылу арқылы жетеді. Әділдік, адалдық, ар-ұят, еңбек, достық, шығармашылық, махаббат және тағы басқа рухани құндылықтар адамды адам етеді, өміріне мән береді, руханилықтың ең биік дәрежесіне жеткізеді. Нағыз руханилыққа жету – қиын да күрделі, бірақ мәнді өмір сүремін деген адам осы жолдан өтуге міндетті.

Ұлы ақын жырлаған әлеуметтік теңдіктің негізі – оның бір тірегі – еңбек, әрбір адам үшін еңбектің жемісін көруге талпыну табиғатынан тән. Ақын еңбек адамды еркіндік пен бақытқа бөлейді, ал береке, бейбітшілік, мейірім мен әділеттілік, біліммен өркендеген қоғам оның әлеуметтік арманы болады деп есептейді. Ақын адамзат үшін ең үлкен бақыт – халықтың мұңын, ауыртпалығын көтеріп, оған ең үлкен пайда әкелу деп білген.

Абай адамгершіліктің асқақ мақсаттарын, адамның рухани болмысы мен танымын, имандылық биігіне көтерілу жолдарын іздестіру, ұлт болып ұйысу жолындағы барлық жасампаз ізденістерді насихаттап, терең тұжырымдар жасады. Соның нәтижесінде ол бір ұлттың кемеңгер философы, ойшылы ғана емес, әлемдік мәдениеттің көрнекті тұлғасына айналды.

Абай айтқандай, ақыл ойдың дамуына оң әсер етеді. Сондықтан адам есту қабілетін, көру қабілетін дамыта отырып, білімін жетілдірсе, ақыл-ойы да қанаттанады.

«Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,

Әр нәрсеге өзіндей баға бермек» [4, 46 б.], – деп ғылымды насихаттаған ақын ақыл мен білімнің дүние сырын танып білуде мүмкіндігі шексіз деп есептейді.

Ақыл-ойдың даму дәрежесі талапқа байланысты деп Абай: «Білім-ғылым табылса, дүниенің бір қызықты нәрсесіне де керек болар еді деп іздемесе керек. Ғылымды үйренеде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек» [1, 117 б.], – дейді.

Абай Құнанбайұлы ұсынған «толық адам» ілімі – адамның рухани кемелденуін, адамгершілік қасиеттердің басымдығын және білім мен еңбекті ізгілікпен ұштастыруды көздейтін терең философиялық тұжырым. Бұл идея бойынша адамның ақыл-ойы мен білімі тек моральдық құндылықтармен үйлескенде ғана қоғамға пайдалы нәтиже береді.

Ойшыл адамды эгоистік мінезден сақтайтын негізгі күш – ар-ұят, әділет және мейірім екенін атап өтеді. Сондықтан нағыз кемел адам болу үшін тек білім жеткіліксіз, ол міндетті түрде адамгершілікпен толықтырылуы тиіс.

«Толық Адам» қағидасы - халықтың адамгершілік талаптарын орындаған, қазақ халқының рухани күш-қуатының сарқылмас қайнар бұлағына айналған Абайдың өмірлік кредосы.

Абай әрқашан адамгершілік идеясын ту ете отырып, азаматтарды ата-тегіне, лауазымына, атақ-даңқына, байлығына емес, рухына, туған жеріне, халқына жасаған қызметі үшін құрметтеуге шақырады.

Абай да өз заманы мен әлеуметтік ортасының кемшіліктері мен теріс қылықтарын сынайды және ондайдан арылудың жолдарын көрсетеді. Бұл Абайдың «Адам бол!» атты адамгершілік ұстанымында және «Толық адам» тұжырымында көрініс табады.

Абай патриархалдық, рулық дәстүрлердің үстемдігі жағдайында таптық-рулық мүддеден жоғары көтеріліп, барлық адамзатқа ортақ құндылықтарды қайта жаңғыртады.

Абайдың бұл ілімі қазіргі қоғам үшін де маңызды, себебі ол жеке тұлғаның дамуын ғана емес, тұтас қоғамның рухани жаңғыруын мақсат етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. –Т.2: Өлеңдер мен аудармалар. -2016. -336 бет.
2. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т 2. Алматы. 1996.-267 бет.
3. Раисов Қ., Жылқышыбаева Қ. Әл-Фараби көзқарастарының қазақ философиясындағы толық адам ілімінің дамуына ықпалы.Электронный научный журнал «edu. e-history. kz», (2021). 8 (4), 26–40. https://doi.org/10.51943/2710-3994_2021_28_4_26-40
4. Көңілімнің айнасы. Лирика. –Алматы: «Олжас кітапханасы» баспа үйі, 2012. – 180 бет.
5. Мырзахметұлы М.М. Абайтану. –Астана: Деловой мир Астана, 2010. -526 бет.
6. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. –Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. -2016. -296 бет.
7. Жалелұлы Омар. Харекет. Зерттеу мақалалар. – Алматы.BRK Press, 2018. -552 бет.
8. Асыл Ұ. Даналық энциклопедиясы: Таза қазақ нақылдары. –Алматы: «Мектеп» баспасы, 2009. -368 бет.

МАЗМҰНЫ

Абдулина А.Т. СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ МЕН ТҰРМЫСЫ	8
Атығаев Н.А. БИЛІКТІҢ КЕЙБІР СИМВОЛДАРЫ ТУРАЛЫ (ТАҚ ПЕН ТӘЖ: МОҢҒОЛ ИМПЕРИЯСЫНАН ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА ДЕЙІН)	14
Атығаев Н.А. «ТАРИХ-И АЛФИ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ЖАЙЫНДА	33
Жеңіс Ж. ВИЗАНТИЯ ИМПЕРИЯСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІЛЕР: ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ КҮРЕС	39
Жұбанышов Б.Т., Қаипбаева А.Т. РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ СЫР ӨңІРІН ОТАРЛАУДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫ	45
Жүнісбаев А. САНЖАР АСФЕНДИАРОВ – ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ТҰҢҒЫШ РЕКТОРЫ (1928-1931 ЖЖ.) (қайраткердің 125-жылдық мерейтойына орай)	49
Жылқышыбаева Қ.Қ., Қаипбаева А.Т. КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМҰЛЫ КӨТЕРІЛІСІНІҢ РЕСЕЙ ҒАЛЫМДАРЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ (XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫ)	64
Ксенжик Г.Н. ҚР ЖОҒАРҒЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР	76
Қаипбаева А.Т., Бурханов Б.Б. ІЛИЯС ОМАРОВТЫҢ 1941-45 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЕҢБЕК МАЙДАНЫНДАҒЫ ЕСЕЛІ ЕҢБЕГІ	83
Несіпбаева Ж.Ж. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫНЫҢ ШЕТЕЛДІК ТАРИХНАМАСЫ: АҚИҚАТ ПЕН АДАСУШЫЛЫҚ ШЕКАРАЛАРЫ	90
Нұрманова А.К. ҚАЗАҚ ӨЛКЕСІН ЗЕРТТЕУ ҚОҒАМЫНЫҢ ОРАЛ БӨЛІМШЕСІ ҒЫЛЫМИ-ӨЛКЕТАНУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ОРТАЛЫҒЫ РЕТІНДЕ	96
Ошан Ж. ҚЫТАЙ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ҮНДІ-ЕУРОПА ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ОРТААЗИЯЛЫҚ КӨНЕ ЖАЗБА ҚҰЖАТТАР ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ	106
Ошан Ж. ҚЫТАЙ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ «МОҢҒОЛДЫҢ ҚҰПИЯ ШЕЖІРЕСІ» ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ	116
Өскембаева Г.Ж. ҚОСТАНАЙ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ (1921-1922 жж.)	122
Смағұлова С.О. АҚТӨБЕ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ (1921-1922 жж.)	137
Раисов Қ.Д., Қаипбаева А.Т. АБАЙДЫҢ ТОЛЫҚ АДАМ ИДЕЯСЫНЫҢ ГУМАНИСТІК МӘНІ	154
Торланбаева К.У. ОҚИҒАЛАР МЕН ТҰЛҒАЛАР: ШЫҒЫС ТҮРІК ҚАҒАНАТЫНЫҢ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ	161

Төлебаев Т.Ә.

П.Г. ГАЛУЗО ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ КАПИТАЛИЗМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
ТУРАЛЫ 170

Шашаев Ә.К.

ХІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – ХХ Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ
ТАРИХЫНАН 180

СОДЕРЖАНИЕ

Абдулина А.Т.	
КУЛЬТУРА И БЫТ КАЗАХСКИХ РАБОЧИХ В ПОСЛЕВОЕННЫЙ ПЕРИОД	8
Атыгаев Н.А.	
О НЕКОТОРЫХ СИМВОЛАХ ВЛАСТИ (ТРОН И КОРОНА: ОТ МОНГОЛЬСКОЙ ИМПЕРИИ К КАЗАХСКОМУ ХАНСТВУ)	14
Атыгаев Н.А.	
О ЦЕННОСТИ СВЕДЕНИЙ СОЧИНЕНИЯ «ТАРИХ-И АЛФИ» В ИССЛЕДОВАНИИ ИСТОРИИ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА	33
Женис Ж.	
ВИЗАНТИЙСКАЯ ИМПЕРИЯ И ТЮРКИ: ИДЕОЛОГИЧЕСКАЯ БОРЬБА	39
Жубанышов Б.Т., Каипбаева А.Т.	
СТРАТЕГИЧЕСКИЕ ЦЕЛИ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ В КОЛОНИЗАЦИИ СЫРДАРЬИНСКОГО РЕГИОНА	45
Жунисбаев А.	
САНЖАР АСФЕНДИАРОВ – ПЕРВЫЙ РЕКТОР КАЗАХСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА (1928-1931 ГГ.) (к 125-летию со дня рождения деятеля)	49
Жылкышыбаева К.К., Каипбаева А.Т.	
ВОССТАНИЕ КЕНЕСАРЫ КАСЫМУЛЫ В ИССЛЕДОВАНИЯХ РОССИЙСКИХ УЧЕНЫХ (КОНЕЦ XIX – СЕРЕДИНА XX ВВ.)	64
Ксенжик Г.Н.	
ИННОВАЦИИ В СИСТЕМЕ ВЫСШЕГО И ПОСЛЕВУЗОВСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ РК	76
Каипбаева А.Т., Бурханов Б.Б.	
САМООТВЕРЖЕННЫЙ ТРУД ИЛЬЯСА ОМАРОВА НА ТРУДОВОМ ФРОНТЕ В 1941-45 ГОДАХ	83
Несипбаева Ж.Ж.	
ЗАРУБЕЖНАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА: ГРАНИ ИСТИНЫ И ЗАБЛУЖДЕНИЯ	90
Нурманова А.К.	
УРАЛЬСКОЕ ОТДЕЛЕНИЕ ОБЩЕСТВА ИЗУЧЕНИЯ КАЗАХСКОГО КРАЯ КАК ЦЕНТР НАУЧНО-КРАЕВЕДЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ	96
Ошан Ж.	
ИССЛЕДОВАНИЯ КИТАЙСКИХ УЧЕНЫХ О ДРЕВНИХ ЦЕНТРАЛЬНОАЗИАТСКИХ ПИСЬМЕННЫХ ДОКУМЕНТАХ НА ИНДОЕВРОПЕЙСКИХ ЯЗЫКАХ	106
Ошан Ж.	
ИССЛЕДОВАНИЯ КИТАЙСКИХ УЧЕНЫХ О «СОКРОВЕННОМ СКАЗАНИИ МОНГОЛОВ»	116
Оскембаева Г.Ж.	
ГОЛОД В КОСТАНАЙСКОЙ ГУБЕРНИИ (1921-1922 ГГ.)	122
Раисов К.Д., Каипбаева А.Т.	
ГУМАНИСТИЧЕСКАЯ СУЩНОСТЬ ИДЕИ «СОВЕРШЕННОГО ЧЕЛОВЕКА» АБАЯ ...	154
Смагулова С.О.	
ГОЛОД В АКТЮБИНСКОЙ ГУБЕРНИИ (1921-1922 ГГ.)	137
Торланбаева К.У.	
СОБЫТИЯ И ЛИЧНОСТИ: К ИСТОРИИ ВОЗРОЖДЕНИЯ КАГАНАТА ВОСТОЧНЫХ ТЮРКОВ	161

Тулєбаєв Т.А.

П.Г. ГАЛУЗО О КАПИТАЛИЗМЕ И ЕГО ОСОБЕННОСТЯХ В КАЗАХСКОЙ ЗЕМЛЕ 170

Шашаев А.К.

ИЗ ИСТОРИИ ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В КОНЦЕ XIX - НАЧАЛЕ XX ВВ. 180

CONTENTS

Abdulina A.T.	
CULTURE AND EVERYDAY LIFE OF KAZAKH WORKERS IN THE POST-WAR PERIOD	8
Atygayev N.A.	
ON CERTAIN SYMBOLS OF POWER (THRONE AND CROWN: FROM THE MONGOL EMPIRE TO THE KAZAKH KHANATE)	14
Atygayev N.A.	
ON THE VALUE OF THE DATA IN THE WORK "TARIKH-I ALFI" IN RESEARCHING THE HISTORY OF THE KAZAKH KHANATE	33
Zhenis Zh.	
THE BYZANTINE EMPIRE AND THE TURKS: AN IDEOLOGICAL STRUGGLE	39
Zhubanyshov B.T., Kaipbayeva A.T.	
STRATEGIC GOALS OF THE RUSSIAN EMPIRE IN THE COLONIZATION OF THE SYR DARYA REGION	45
Zhunisbayev A.	
SANZHAR ASFENDIAROV – THE FIRST RECTOR OF THE KAZAKH STATE UNIVERSITY (1928-1931) (dedicated to the 125 th anniversary of the public figure)	49
Zhylykyshbayeva K.K., Kaipbaeva A.T.	
THE UPRISING OF KENESARY KASYMULY IN THE RESEARCH OF RUSSIAN SCHOLARS (LATE 19TH – MID-20TH CENTURY)	64
Ksenzhik G.N.	
INNOVATIONS IN THE SYSTEM OF HIGHER AND POSTGRADUATE EDUCATION OF RK	76
Kaipbayeva A.T., Burkhanov B.B.	
ILYAS OMAROV'S SELFLESS WORK ON THE LABOR FRONT IN 1941-45	83
Nesipbaeva Zh.Zh.	
FOREIGN HISTORIOGRAPHY OF THE MODERN HISTORY OF KAZAKHSTAN: THE FACETS OF TRUTH AND DELUSION	90
Nurmanova A.K.	
THE URAL BRANCH OF THE SOCIETY FOR THE STUDY OF THE KAZAKH REGION AS A CENTER FOR SCIENTIFIC AND LOCAL HISTORY ACTIVITIES	96
Oshan Zh.	
RESEARCH BY CHINESE SCHOLARS ON ANCIENT CENTRAL ASIAN WRITTEN DOCUMENTS IN INDO-EUROPEAN LANGUAGES	106
Oshan Zh.	
STUDIES OF THE SECRET HISTORY OF THE MONGOLS BY CHINESE SCHOLARS	116
Oskembayeva G.Zh.	
FAMINE IN THE KOSTANAY REGION (1921-1922)	122
Raisov K.D., Kaipbayeva A.T.	
THE HUMANISTIC ESSENCE OF ABAY'S IDEA OF THE «PERFECT MAN»	154
Smagulova S.O.	
FAMINE IN THE AKTOBE REGION (1921-1922)	137
Torlanbayeva K.U.	
EVENTS AND PERSONALITIES: ON THE HISTORY OF THE REVIVAL OF THE EASTERN TURKIC KHAGANATE	161

Tulebaev T.A.

P.G. GALUZO ABOUT CAPITALISM AND ITS FEATURES IN THE KAZAKH EARTH 170

Shashaev A.K.

FROM THE HISTORY OF EDUCATION IN KAZAKHSTAN IN THE LATE 19TH – EARLY 20TH CENTURIES 180

EDU.E-HISTORY.KZ

Электрондық ғылыми журналы
2015. 1 (2)

Бас редактор: Әбжанов Х.М.
Компьютерде беттеген: Зикирбаева В.С.
Жарияланған күні: 30.03.2015.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 15,6.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй